

**ШЖҚ жанындағы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» МҚҚ
«Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидалары (ҚР МҚССА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы)»
ХАТТАМАСЫ**

№ 5

Қарабұлақ ауылы

«17» қазан 2024ж.

Төраға: Умбетов Аскар Фазиллаевич – басшы м.а;

Хатшы: Ағыбай Толқынай Ақтайқызы – мамандар бөлімінің басшысы

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе: «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талқылап, түсіндірме беру.

Катысқандар: «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының бөлім менгерушілері.

Күн тәртібінде: Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы Қазақстан Республикасы Заңы бойынша Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары туралы жиналыс өткізілді. «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы басшы м.а. А.Умбетов төрағалық етіп, барлық қызметкерлерге түсіндіру шаралары өткізілді.

Жиналыс төрағасы: А.Умбетов жиналысты ашық деп жариялад, ары қарай комплаенс офицері Т.Ағыбай жиналысты жүргізді. Жиналыс барысында келесілер айтылды:

«Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері) сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау субъектілеріне сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) обьективтілік;
- 2) сенімділік;
- 3) айқындық;
- 4) жан-жактылық қағидаттарында жүргізіледі.

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады.

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау обьектісі құрылымдық бөлімшениң, ведомствога бағынысты ұйымның, сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау обьектісі) қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау обьектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге үәкілеттілік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) жүргізеді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтіжелерінталқылауга және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау обьектісінің жаңынан болған жағдайда, Қогамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай:

- 1) қызметі сыбайла жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы;
- 2) осы Улгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;
- 4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең;
- 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;
- 6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтіжелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда осы тармақтың 1-ші бөлігінде көрсетілген мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісі басшының бүйрығы негізінде, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган талдау обьектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген мерзімдер осы Улгілік қағидалардың 13-тармағында белгіленген жекеленген мәселелер бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауларына қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) талдау обьектісінің қызметін қозгайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) талдау обьектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімшенің қызметін қозгайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

Мынадай мәселелер талдау объектісінің үйымдастыруышылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;
- 2) мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің үйымдастыруышылық-басқарушылыққызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті уәкілетті органга (әзірлеушіге) жібереді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесін әdep жөніндегі уәкілдер, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер және өзге де құрылымдық бөлімшелер немесе мемлекеттік органдардың, үйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъетілернің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заннамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты үйымдастыру кезінде пайдаланады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауу нәтіжелерін, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылауға жол беріледі.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтіжелері бойынша анықталғансыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді.

Іс-шаралар жоспарын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысы талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бекіtedі.

Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде құпиялылық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сакталуын ескере

отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.


Талдамалық анықтамага қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау корытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал етегін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Үлгілік қагидаларга З-косымшага сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау корытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет күпиялыштық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қоргалатын өзге де құпияны коргау жөніндегі талаптардың сакталуын ескере отырып, мемлекеттік органның, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтіжелері бойынша шыгарылған ұсынымдарды орындау кезінде жобалық басқару тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Төраға:

Хатшы:



А.Умбетов

Т.Ағыбай



